

Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Нұр-Сұлтан қаласының жинақы құрылысы жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 қыркүйектегі № 590 қаулысы.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Нұр-Сұлтан қаласының жинақы құрылысы жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған кешенді

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кешенді жоспардың орындалуын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Кешенді жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыруды және олардың орындалуы туралы ақпаратты Нұр-Сұлтан қаласының әкіміне жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей ұсынуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен

4. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі жарты жылда бір рет, есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей Кешенді жоспарда көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы жиынтық ақпаратты Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынуды қамтамасыз етсін

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Р. В. Склярға жүктелсін.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы

Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Нұр-Сұлтан қаласының жинақы құрылысы жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен .

Ескерту. Жоспарға өзгерістер енгізілді – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен.

Ағымдағы жағдай

Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған Қазақстан Республикасының елордасы 20 жылдың ішінде республикалық бюджеттің ірі донорына айналып, мемлекеттік бюджетке шамамен 7,3 трлн. теңге сомасында түсімдерді қамтамасыз етті, бұл алынған трансферттер көлемінен (2,3 трлн. теңге) 3 есе асып түседі.

Мемлекеттік бюджетке түсімдер 73 есе өсті (1998 жылғы 13,6-дан 2017 жылы 990,2 млрд. теңгеге дейін) және шамамен 1 трлн. теңгеге жетті, оның ішінде 77% немесе 766 млрд. теңге республикалық бюджетке жіберіледі.

Нұр-Сұлтан қаласының бюджеті 77,5 есе өсті (1997 жылғы 6,4 млрд. теңгеден 2017 жылы 496,1 млрд. теңгеге дейін).

Нұр-Сұлтан табыс табатын, өзін-өзі ақтайтын және еліміздің экономикасын дамытуға бірден бір қомақты үлес қосатын қалаға айналды.

Елорда ауысқан сәттен бастап Нұр-Сұлтанның келбеті түбегейлі өзгерді және бүгінде дамып келе жатқан заманауи мегаполис мәртебесіне сәйкес келеді, оның шекарасының шеңберінде әкімшілік, коммерциялық және қоғамдық кеңістіктер сәтті үйлескен.

Соңғы 20 жылдың ішінде қаланың жалпы өңірлік өнімі (бұдан әрі – ЖӨӨ) шамамен 224 есеге өсіп, 5 трлн. теңгеден асты (1997 жылы – 25,7 млрд. теңге), бұл халықтың жан басына шаққанда орташа республикалық көрсеткіштен 2 есе артық.

Инвестициялардың жылдық көлемі 956,9 млрд. теңгеге дейін 50 есе өсті (1997 жылы – 19,3 млрд. теңге).

"Нұр-Сұлтан – жаңа қала" арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі – АЭА) инвестиция тарту үшін негізгі алаң болып табылады, оның аумағында әкімшілік-іскерлік орталық және № 1 индустриялық парк орналасқан.

АЭА 2027 жылғы 1 қаңтарға дейін әрекет ету мерзімімен 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істейді. Бүгінгі күні АЭА аумағы 7000 гектардан асады немесе қаланың бүкіл аумағының шамамен 8,8%-ын құрайды (аумақ 8 еседен артық мөлшерге кеңейді).

Әкімшілік-іскерлік орталықта 393 жоба тіркелді, оның ішінде 320 жоба пайдалануға енгізілді. 73 жоба іске асырылу сатысында тұр. Бүгінгі күні 3 өнеркәсіптік жоба іске асырылуда ("Қазақстандық авиациялық индустрия" ЖШС ұшу аппараттарын шығару зауыты, "AstanaSolar" ЖШС фотоэлектр модульдерін құрастыру зауыты, "Еврокоптер Қазақстан инжиниринг" ЖШС тікұшақтар құрастыру, оларға техникалық қызмет көрсету). Көрсетілген жобалар бойынша инвестициялардың жалпы көлемі 1,7 трлн. теңгені құрайды. Іске асырылып жатқан жобалардың арасында "Нұрлы жол" теміржол вокзалы, "SARANDA" VIP-қалашығы, Astana LRT, "Хайвил Ишим", "Promenade Expo" көп функциялы тұрғын үй кешендері (бұдан әрі – КТК) сияқты және тағы басқа әлеуметтік маңызы бар ірі объектілер бар.

№ 1 индустриялық парк аумағында 227,4 млрд. теңге сомасына 72 инвестициялық жоба іске асырылуда, оның ішінде 48 өндіріс пайдалануға енгізілді, 24 жоба іске асырылу сатысында.

Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың бюджетке төлеген салық қаражаты есебінен № 1 индустриялық парк инфрақұрылымының құрылысы толық өтелгенін атап өту қажет.

20 жылдың ішінде өнеркәсіптік өндіріс көрсеткіші 37,7 есеге өсіп, 573,3 млрд. теңгеге жетті (1997 жылы – 15,2 млрд. теңге).

Жоғары технологиялық және экологиялық өндірістердің есебінен индустриялық әлеуетті кеңейту мақсатында ауданы 443 га № 2 индустриялық парк құру жоспарлануда.

Қаланың шағын және орта кәсіпкерлік (бұдан әрі – ШОК) субъектілері еліміз бойынша осы сектордың бүкіл жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерінің 20%-ын іске асырады. Өнім шығарудың көлемі 27,5 есеге ұлғайып, 4,9 трлн. теңгеге жетті (2005 жылы – 177,8 млрд. теңге).

Тіркелген ШОК субъектілерінің саны 155,3 мың адамға дейін 4 есе ұлғайды (2005 жылы – 38,2 мың адам). Мемлекеттік бюджетке бизнес субъектілерінен түсетін салықтық түсімдер 2017 жылы 359,1 млрд. теңгені құрады.

Нұр-Сұлтан қаласының ЖӨӨ құрылымындағы шағын және орта бизнестің (бұдан әрі – ШОБ) үлесі 4,2 есеге ұлғайып, 54,4%-ды құрады (2005 жылы – 13%), бұл Қазақстан өңірлері арасында ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады.

Нұр-Сұлтан елдегі құрылыс көлемі бойынша көшбасшы болып табылады. Нұр-Сұлтан елорда мәртебесіне ие болғаннан бері қалада отандық және шетелдік құрылыс компанияларының қатысуымен 20 миллионнан артық шаршы м тұрғын үй салынды. Жылу, су құбыры және электр желілерінің ұзындығы

1998 жылғы 2 745,1 км-дан 2018 жылы 5 878 км-ге дейін жетті.

Пайымдау

Инфрақұрылымдық даму бағдарламаларын іске асыру әлеуметтік-экономикалық әлеуетті өсіру үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Экономиканың жыл сайынғы өсу қарқыны 4%-дан 6%-ға дейін ұлғайған жағдайда, 2023 жылға қарай елорданың ЖӨӨ болжамға сәйкес шамамен 10 трлн. теңгені құрайды.

Елорданың дамуына 4,8 трлн. теңгеге жуық жеке инвестиция салынады.

Елорда аумағында белсенді құрылыс салу 2023 жылы 9,5 млн. астам шаршы м тұрғын үйді пайдалануға енгізуді қамтамасыз етеді.

Құрылыс жұмыстарының жылдық көлемі 681 млрд. теңге деңгейіне жететін болады.

Бүгінгі күні Нұр-Сұлтан қаласы Еуразиялық экономикалық одақтағы өмір сүру және бизнес жүргізу үшін өте тартымды қалалардың бірі болып табылады.

Халық санының жыл сайынғы өсімі орта есеппен 2,5% немесе 100-150 мың адам мөлшерінде межеленіп отыр және 2027 – 2030 жылдарға қарай шамамен 2 млн. адамға жетеді деп жоспарлануда.

ШОБ субъектілерінің саны 216 мың бірлік белгісінен асып, 37%-дан артық мөлшерге ұлғаяды. Кәсіпкерлік белсенділікті арттыру мақсатында әкімшілік тосқауылдарды төмендету жұмыстары жалғасады.

Еңбек нарығында 650 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады.

Жол-көлік инфрақұрылымына жүктеме айтарлықтай ұлғаяды. Бағалау бойынша жолаушылар айналымының жыл сайынғы өсу қарқыны орта есеппен 7%-ды, жүк айналымы – 5%-ды құрайтын болады.

Экономика мен салық салынатын базаның күтілетін өсу қарқыны жергілікті бюджеттің жеке кірістерінің 355 млрд. теңгеге дейін 43,7%-ға ұлғаюын қамтамасыз етеді.

Нұр-Сұлтан қаласынан республикалық бюджетке жыл сайынғы түсімдер 14%-ға, 2018 жылғы 823 млрд. теңгеден 2023 жылы 940 млрд. теңгеге дейін өседі.

Экономикалық өсу факторларының бірі ретінде инвестициялық саясат инвесторларды тарту және жаңа экономикалық саясатта көзделген міндеттерді іске асыру үшін қолайлы ахуал құруға бағытталатын болады.

№ 1 индустриялық парк аумағында қолданылатын инвестициялық жобаларды, мүмкіндіктерді, жеңілдіктерді және преференцияларды таныстыра отырып, әлеуетті инвесторлармен кездесулер жалғасады, сондай-ақ қаржы институттарымен ынтымақтастық жалғасын табады.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) қағидаттарын пайдалана отырып, бірлесіп инвестициялау бағдарламасын іске асыру Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) жұмысының маңызды бағыты болмақ.

МЖӘ тетіктерін қолдану арқылы маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларды іске асыру жоспарлануда. Әкімдіктің жанында "Нұр-Сұлтан қаласын дамыту жобаларын сараптау орталығы" ЖШС құрылды, ол пайда мен шығынды талдау негізіндегі бюджеттік компаратор қағидатын ескере отырып, жобаларды қаржыландыру тетігінің критерийлерін айқындайды, бұл өтелетін жобалар үшін мемлекеттік бюджеттің қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Халықаралық рейтингтік агенттіктермен өзара іс-қимыл кредиттік рейтингті жақсартуға және Нұр-Сұлтан қаласының имиджін қарқынды өсіп келе жатқан әрі салынатын инвестицияларды өтеу тұрғысынан перспективалы заманауи мегаполис ретінде қалыптастыруға бағытталады.

Мемлекет басшысының елордаға жинақы құрылыс салу жөніндегі тапсырмасына сәйкес игеру аумағының шекарасы 25 мың га мөлшерінен 16 мың га мөлшеріне дейін оңтайландырылды. Осыған байланысты, әкімдік Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Нұр-Сұлтан қаласының жинақы құрылысы жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды (бұдан әрі – Кешенді жоспар) әзірледі.

Мақсаттар мен стратегиялық міндеттер

Кешенді жоспардың негізгі мақсаты тұрғын үй құрылысында дәйекті қала құрылысы саясатын әзірлеу, елорда тұрғындары мен қонақтары үшін қолайлы өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ете отырып, аумақта жинақы құрылыс салуды ұйымдастыру және бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасау болып табылады. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін әкімдік мына негізгі бағыттарды дамытуды жоспарлайды:

1. Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту.

Күнде қалаға келетін, 75 мыңнан асатын транзиттік көлік құралдарын қоспағанда, Нұр-Сұлтан қаласында тіркелген көлік құралдарының жалпы саны

350 мыңнан астам. Елордаға басқа өңірлерден келген көлік құралдарын есепке алсақ, бұл сан 400 мыңнан асады. Қаладағы автомобильмен қамтамасыз етілудің жыл сайынғы өсімі 8-9%-ды құрайды. Асфальт төселген жолдардың ұзындығы 1 100 км астам, ал елордада аумақтарда құрылыс салу үшін жарамды алаң мен жабыны қатты жолдар ұзындығының арақатынасы шамамен 1 900 км құрауға тиіс.

Жоғары деңгейдегі автомобильмен қамтамасыз етілудің және жол-көлік инфрақұрылымының жетіспеуінің нәтижесінде қауырт кезеңде жол-көлік желісіне айтарлықтай жүктеме түседі, бұл көлік ағынының орташа жылдамдығының 10 км/сағ дейін төмендеуіне әкеліп соғады.

Осыған байланысты, көліктік қаңқа қалыптастыру елорданың жолдарында көліктік коллапстың туындау ықтималдығына жол бермеуге мүмкіндік береді және тұрғын үй кешендері мен әлеуметтік объектілерге көлікпен бару мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 2019 – 2023 жылдар аралығындағы кезеңде 121 км жол, 3 көпір, 2 көліктік жол айрығын, 1 жолөткел, 1 тоннель, сондай-ақ жеңілрельсті көліктің (LRT) 1-кезегін салу жоспарлануда.

LRT жобасы бойынша.

LRT желісі Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы, "Нұрлы жол" теміржол вокзалы, "Әбу-Даби Плаза" көп функциялы кешені және ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесі (бұдан әрі – ЭКСПО-2017) тәрізді елорданың танымал объектілеріне таяу орналасқан 18 станциясы бар 22,6 км эстакадалық тірек конструкциясынан тұратын болады. Жоспарлы жолаушылар айналымы тәулігіне 146 мың адамды құрайды.

2. № 1 және 2 индустриялық парктердің инфрақұрылымын дамыту.

№ 1 индустриялық парктің аумағы инвестициялық жобалармен 95% толықтырылды, қалған 22 га алаңын 2020 жылдың соңына дейін игеру жоспарлануда.

Қаланы одан әрі орнықты индустриялық-инновациялық дамыту үшін және жеке инвестициялар үшін алаң дайындау мақсатында № 1 индустриялық парктің құрылысын аяқтау және № 2 индустриялық парктің инфрақұрылымын салуды бастау қажет.

Өнеркәсіп кластерлерін ғылыми зерттеулермен және инновациялармен біріктіру есебін (жабдықталған зертханалары, кадрлар даярлайтын инкубациялық орталықтары, қажетті инфрақұрылымы бар инновациялық және ғылыми-зерттеу кластерлерін ("Astana Business Campus") дамыту) "Нұр-Сұлтан – Технополис" АЭА № 2 индустриялық паркін дамыту мәселелерімен әкімдік "Назарбаев Университеті" дербес білім беру ұйымымен бірлесіп айналысады.

№ 2 индустриялық парк аумағында 500 млрд. теңге сомасына барлығы 150-ге жуық инвестициялық жобаны іске асыру (жобаның орташа ауданы 2-5 га, сомасы шамамен 3 млрд. теңге), 10 мыңнан астам жұмыс орнын құру жоспарлануда.

3. Тыныс-тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамыту

Бүгінгі күні энергия көздерінің қолда бар қуаты сағатына 2510 Гкал құрайды, бұл елорданың орталықтандырылған жылумен қамту жүйесінің ағымдағы жылу жүктемелерін қамтамасыз етеді.

Жыл сайын тұрғын және коммерциялық алаңды өткен жылмен салыстырғанда орта есеппен 1,5 млн. шаршы м артық енгізу жоспарлануда, бұл сағатына 100-200 Гкал жылу қуатына тең.

Осы қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін 2018 – 2020 жылдар аралығындағы кезеңде қуаты 440 Гкал ЖЭО-3 1-ші кезегін және қуаты 180 Гкал ЖЭО-2 № 8 станциясының қазандық агрегатын пайдалануға енгізу жоспарлануда. Кейіннен 2023 жылға дейін қуаты сағатына 418 Гкал ЖЭО-3 2-ші кезегін пайдалануға енгізу

жоспарланады, бұл пайдаланған кезде жылу желілерінің авариялылығын азайтуға, жылу шығынын барынша азайта отырып, жылу желілері арқылы ыстық судың тиімді берілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ЖЭО-2 кеңейту және реконструкциялау қосымша 2~2,5 млн. шаршы м тұрғын және коммерциялық алаңды орталықтандырылған жылу жүйесімен қамтамасыз етеді.

Электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен сапасының көрсеткіштерін жақсарту мақсатында "Ишим", "Қазбек", "Көктем" және "Западная" қосалқы станцияларын салу, тарату пункттерін, трансформаторлық қосалқы станцияларды және басқа да объектілерді реконструкциялау жоспарланады, бұл LRT жаңа көлік жүйесін, Мыңжылдық аллеясының салынып жатқан және перспективалы құрылыстарын, Теміржол тұрғын алабын сенімді электрмен жабдықтауды қамтамасыз етеді, қаланың оңтүстік-батыс бөлігінің ұлғайып келе жатқан электр жүктемесін өтеуге және электр желілеріндегі авариялық сөндіруді төмендетуге мүмкіндік береді.

Елорданың оңтүстік-батыс бөлігінде жаңа әлеуметтік объектілерді салу үшін 110 кВ электр берудің әуе желілерін бұзу арқылы жер учаскелерін босату жоспарлануда.

Бүгінгі күні қаланы сумен қамту және сарқынды суды бұру мәселесі өзекті болып табылады. Су құбырлары мен кәріз желілерінің физикалық тозуының орташа деңгейі 44%-ды құрайды, 578 км (немесе 28%) желі, оның ішінде Нұр-Сұлтан гидроторабынан сорғы-сүзу станциясына дейінгі су беретін құбырдың 43 км 100% тозған.

Елорданы сумен қамту мұқтаждығын қамтамасыз ету үшін судың көлемі жылына 98 млн. м³ асады, оның ішінде 81 млн. м³ мөлшерінде сатылып, көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға (халыққа, ұйымдарға) ұсынылады. Судың шығыны қалалық желілерге берілетін барлық көлемнің 17%-ын құрайды. Есепке алынбаған тұтынадан (санкциясыз су пайдалану) және жіберілген судың ағып шығын болуынан басқа, су шығынының қомақты бөлігін тозған су құбырларындағы жарылу құрайды. Кәріз желілерінің тозуы олардың жұмысының бұзылуына, сарқынды суларды уақтылы бұрудың мүмкін болмауына және соның салдарынан қоршаған ортаның ластануына және халықтың көрсетілетін қызметтер сапасына қанағаттанбауына әкеліп соғады. Осыған байланысты, таяудағы 5 жылдың ішінде 150 км сумен қамту желілерін және 81 км су бұру желілерін реконструкциялау және салу жоспарланады, бұл судың коммерциялық шығынын 5-7%-ға қысқартуға, сумен қамту және су бұру желілерінің сенімділігін арттыруға әкеледі.

Нөсерлік кәріз бүгінгі күні проблемалы мәселелердің бірі болып табылуда. Жобаларды іске асыру 2019 жылдың соңына қарай нөсерлік кәріздің тазарту құрылыстарының жаңаларын салу және қолданыстағыларын реконструкциялау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді, бұл 17,3 мың га ауданды қамтуға әрі қазіргі игеру аймағын құрылыс салудың қазіргі (Жастар шағын ауданы, Ақбұлақ, Өндіріс тұрғын алаптары, Ш. Құдайбердіұлы даңғылы ауданы) аудандарынан және ішінара перспективалы аудандардан (Мыңжылдық аллеясы, "Нұрлы жол" теміржол вокзалы,

Тельман тұрғын алабынан оңтүстікке қарай орналасқан Әскери қалашық) жер үстіндегі сарқынды суларды кедергісіз ағызып жіберумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Су жинағыштың жалпы алаңы 13 мың га мөлшерінен 23 мың га мөлшеріне дейін өседі, бұл 2030 жылға дейін игеру алаңының 66,2% (34,6 мың га) немесе 2020 жылға нөсерлік кәріз жүйесіне (23,8 мың га) ағынды қалыптастыратын алаңның 96,5%-ын құрайды.

ЭКСПО мұрасын дамыта отырып, экологиялық талаптар ескерілетін газдандыруға, энергия тиімділігіне негізделген жаңа энергетикалық модельге көшу жұмысы жүргізілуде. Бүгінгі күні қалалық газ тарату желісі бойынша 3 кезектен тұратын техникалық-экономикалық негіздеме әзірленді.

Бірінші кезеңде 2020 жылға қарай ЖЭО-1, ЖЭО-2, ЖЭО-3 (17 су жылыту қазандықтарын), сондай-ақ көп түтін шығаратын Көктал, Оңтүстік-Шығыс (оң және сол жақтары), Шұбар, Family Village, Garden Village, Өндіріс, Агроқалашық, Железнодорожный, Пригородный, Тельман тұрғын алаптарындағы шағын жеке қазандықтарды газ отынына ауыстыру жоспарлануда, бұл зиянды заттар шығарындыларын 30%-ға төмендетуге мүмкіндік береді. Жеке сектор тұрғындары үшін газ отынына ауысудан үнемдеу жылыту маусымында 210 млн. теңгеден 420 млн. теңгеге дейін болады.

Кейіннен құрылыстың 2, 3-ші кезектерінде Шұбар, Family Village, Garden Village, Өндіріс, Агроқалашық, Пригородный, Мичурино, Интернациональный, Күйгенжар, Промышленный, Тельман тұрғын алаптарын және қала маңында орналасқан аудандарды табиғи газға ауыстыру жоспарлануда, іске асыру мерзімі – 2021 – 2025 жылдар.

4. Бюджеттік тұрғын үй және тұрғын үйлер мен тұрғын үй құрылыстарына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу.

Халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасында "Нұрлы жер" мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) іске асырылуда.

2017 жылдың қорытындысы бойынша қаржыландырудың мемлекеттік көздері есебінен 173,3 мың шаршы м 2 487 пәтер пайдалануға берілді. 2018 жылы жалпы ауданы 64 мың шаршы м 1159 пәтерлік 7 КТК пайдалануға енгізу жоспарланған.

Бүгінгі күні коммуналдық тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйге мұқтаж азаматтар есебінде 48 мың адам кезекте тұр, оның ішінде 20 мың адам "7-20-25" жаңа тұрғын үй бағдарламасының әлеуетті қатысушысы болуы мүмкін. Бұл алғашқы жарна енгізу үшін жеткілікті қаражат жинауға мүмкіндігі бар азаматтар.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша әлеуметтік тұрғын үйдің пайдалануға енгізілуін ұлғайту үшін 5 жылдық жоспарда мемлекеттің қатысуымен 530 мың шаршы м немесе 9 мың пәтер салу жоспарлануда (кредиттік тұрғын үй – 339 мың шаршы м, жалға берілетін тұрғын үй – 129,7 мың шаршы м).

Осылайша, кезектегілердің саны екі есеге қысқарады, мұның өзі Бағдарлама шеңберінде тұрғын үй проблемаларын шешу жөніндегі басты міндеттердің бірі болып табылады.

5. Әлеуметтік объектілерді дамыту.

Қазіргі кезде Нұр-Сұлтан қаласының мектептеріндегі орындар тапшылығы 11 000 оқушы орнын құрайды және 2023 жылға қарай қосымша 124 000 оқушы келеді деп күтілуде. Осыған байланысты, 135 000 оқушы орнына мектептер мен мектептерге жапсаржайлар салу қажет.

ҚР ҚНЖЕ-ге өзгерістер енгізу бойынша ауқымды жұмыс атқарылды. Енді 3 000 мыңға дейінгі оқушы орнына арналған мектептер салынуы мүмкін, бұл құрылыс алаңын 20% (учаскелерді 3-тен 2 гектарға) оңтайландыруға мүмкіндік береді. BIG DATA талдауды ескере отырып, мектептер саны қысқарғанда мектеп салу ең көп талап етілетін орындар айқындалды, бұл инфрақұрылым мен коммуникацияларға шығынды 15%-дан артық мөлшерде төмендетуге мүмкіндік береді.

2018 жылдың соңына дейін 3 300 орынға арналған 3 мектепті пайдалануға енгізу және таяудағы бес жыл ішінде шамамен 63 мың орынға арналған 37 мектеп пен 10 жапсаржай салу, тапшылықтың 50%-ын жекеменшік мектептер есебінен жою жоспарлануда. Бұл 2021 жылға қарай мектептерде оқу орындарының тапшылығын жоюға мүмкіндік береді.

Шамамен 6 000 орынға 25 балабақша салу, оның ішінде 6 балабақшаны МЖӘ тетігі арқылы салу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта бастапқы медициналық-санитариялық көмек (бұдан әрі – БМСК) ұйымдарының жұмысында 1,8 есе артық екені байқалуда (13 қалалық емхананың, 3 БМСК орталығының жоспардағы қуаты бір ауысымда 5 529 келушіні құрайды, іс жүзінде – бір ауысымда 9 676 келуші), сондай-ақ қалалық стационарлардың да жүктемесі шамадан тыс.

Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында "Сарыарқа" ауданында " Орталық теміржол ауруханасы" госпиталінің орнына жаңа көпбейінді аурухана, 100 кереуеттік хоспис, 250 кереуеттік Перинаталдық орталық, 350 кереуеттік Оңалту орталығы, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің "№ 2 қалалық аурухана" және "№ 1 перинаталдық орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарын біріктіре отырып, қабылдау-диагностикалық кешен, 4 амбулаториялық-емханалық кешен және БМСК көрсететін 6 ұйым салу жоспарда бар.

Әлеуметтік сала қызметкерлері үшін шамамен 2 600 пәтерге арналған жатақхана салу көзделген, бұл мектептер мен медициналық мекемелерге кадрларды тарту мәселелерін шешуге ықпал етеді.

Кешенді жоспарда заманауи Қазақ драма театрын іске асыру көзделеді, ол Қазақстанның мәдениетін көрсететін елорданың визит карточкасына айналады, себебі театр қойылымдары рухани нәр алуға ғана емес, сахнадағы әрекеттер арқылы өткен

дәуірдің фактілерін көрсетіп, бүгінгі күндегі проблемалардың шешімін табуға ұмтылады. Бұл жобаны іске асыру заман талабы болып табылады.

6. Нұр-Сұлтан қаласын абаттандыру.

Ыңғайлы және қолайлы инфрақұрылым құру үшін әкімдік Велосипед көлігін және инфрақұрылымды дамыту жоспарын әзірлеп, бекітті.

2018 жылдың соңына дейін жалпы ұзындығы 56 км велосипед жолын ашу жоспарланған, ол "Есіл" ауданының аумағын қамтиды (Нұр-Сұлтан қаласының Орталық саябағынан "жасыл белдеу" аумағындағы велосипед жолына қосылады). Таяудағы бес жылдың ішінде қосымша 1 371 км веложолдар желісін абаттандырып, елорданың бүкіл аумағын қамту жоспарланып отыр.

Бөгенбай батыр даңғылынан Кенесары көшесіне дейін Бейбітшілік көшесінің бойында, одан әрі Есіл өзенінің жағалауына дейін Ә. Мәмбетов көшесінің және Республика даңғылынан Қазақ драма театрына дейін І. Омаров көшесінің бойында орналасатын жаяу жүргіншілер аймақтары жасалады.

Инженерлік-геологиялық іс-шаралар өткізілген су тасу қауіпі бар өзендердің ұзындығы 2018 жылдың басындағы жағдай бойынша 16,2 км құрайды. Төтенше жағдайлардың алдын алу шеңберінде Есіл өзені мен Сарыбұлақ бұлағының арнасы реконструкцияланады.

Қоқысты қайта өңдеу саласын дамыту мақсатында "Северная гряда" карьерін қопсыта отырып, құрылыс қалдықтарын қоймаға жинау және қайта өңдеу үшін алаң салу жоспарланады, себебі жыл сайын қала аумағында орта есеппен 50 мың тоннадан астам құрылыс қалдықтары түзіледі. Қайта өңделгеннен кейін бұл көлемнің жартысы қиыршық тас болады, оны сатудан түсетін кіріс жылына 50 млн. теңгеге дейінгі соманы құрайды.

7. Мемлекеттік органдар мен өрт сөндіру деполарын дамыту.

Төтенше жағдайлардан қорғау үшін 4 өрт сөндіру депосын салу жоспарлануда, олар Көктал және № 28 (жобалық атау) көшелерінің ауданында, № 69 және С369 (жобалық атау) көшелері қиылысқан ауданда және Үркер шағын ауданында орналасады. Бұл жобаларды іске асыру қалыптасқан жағдайды жақсартуға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын жүргізудің заманауи әдістері мен технологияларын, төтенше жағдайларды болжау саласында жүйелі талдау мен мониторингті сәтті әрі тиімді енгізуге мүмкіндік береді, мұның өзі төтенше жағдайлар санының жалпы төмендеуіне және қоғамдық қауіпсіздік деңгейінің ұлғаюына әкеледі. Мемлекеттік органдар объектілерін дамыту шеңберінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Ішкі істер департаментінің материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында 2 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Кешенді жоспарды іске асыру елорданы индустриялық-инновациялық дамыту, көлік-коммуникациялық, инженерлік-коммуникациялық және әлеуметтік

инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін құру үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын алаптарын дамыту

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын алаптарын дамыту осы Кешенді жоспарға қосымшаға сәйкес жүзеге асырылатын болады.

Күтілетін нәтижелер

Кешенді жоспарды іске асыру бойынша өткізілген іс-шаралардың нәтижесінде Нұр-Сұлтан қаласы аумағының жинақы құрылысы қамтамасыз етіледі және аумақтарда құрылыс салуды оңтайландыруға, елорданың инженерлік-көліктік, әлеуметтік инфрақұрылымын тиімді пайдалануға және дамытуға қол жеткізілмек.

Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Нұр-Сұлтан қаласының жинақы құрылысы жөніндегі 2019 – 2023 жылдарға арналған кешенді жоспар

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындау үшін жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. тенге)	Қаржыландыру көзі	
1	2	3	4	5	6	7	
1.	Жол-көлік инфрақұрылымын дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ Қ Р Қаржымині	2019 - 2023 жылдар	барлығы	275 881 *	Республикалық бюджет
					2019 жыл	64 134 *	
					2020 жыл	45 665 *	
					2021 жыл	50 787 *	
					2022 жыл	52 804 *	
					2023 жыл	62 491 *	
					барлығы	84 378 *	

					2019 жыл	18 699 *	Жергілікті бюджет		
					2020 жыл	20 614 *			
					2021 жыл	15 315 *			
					2022 жыл	16 390 *			
					2023 жыл	13 360 *			
2.	Жеңілрельсті көлік құрылысы, 1-ші кезек	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ Қ Р Қаржымині	2019 - 2023 жылдар		барлығы	191 123 *	Республикалық бюджет	
						2019 жыл	7 123		
						2020 жыл	46 000 *		
						2021 жыл	46 000 *		
						2022 жыл	46 000 *		
						2023 жыл	46 000 *		
						барлығы	42 198 *		Жергілікті бюджет
						2020 жыл	14 200 *		
						2021 жыл	10 180 *		
						2022 жыл	9 669 *		
	2023 жыл	8 149 *							

3.	Индустриялық парктердің инженерлік-көліктік инфрақұрылымын дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ Қ Р Қаржымині	2019 - 2023 жылдар	барлығы	20 728 *	Республикалық бюджет
					2019 жыл	741 *	
					2020 жыл	3 000 *	
					2021 жыл	6 987 *	
					2022 жыл	5 000 *	
					2023 жыл	5 000 *	
					барлығы	3 009 *	
2019 жыл	3 009 *						
4.	Жылумен жабдықтау жүйесін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ЭМ ҚР ИИДМ ҚР Қаржымині ҚР ҰЭМ	2019 - 2023 жылдар	барлығы	40 134 *	Республикалық бюджет
					2019 жыл	23 540	
					2020 жыл	16 594	
					барлығы	10 000 *	Республикалық бюджеттің кредиттік қаражаты
					2019 жыл	7 000 *	
					2020 жыл	3 000 *	
					барлығы	218 *	Жергілікті бюджет
2019 жыл	218 *						
барлығы	17 400 *	МЖӘ					
2022 жыл	8 700 *						

					2023 жыл	8 700 *	
5.	Нұр-Сұлтан қаласын газдандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР Э М Қ Р Қаржымині	2019 - 2023 жылдар	барлығы	13 000 *	Республикалық бюджет
					2019 жыл	1 000 *	
					2020 жыл	4 500 *	
					2021 жыл	5 000 *	
					2022 жыл	2 500 *	
					барлығы	18 516 *	Жергілікті бюджет
					2019 жыл	406 *	
2020 жыл	4 860 *						
2021 жыл	5 300 *						
2022 жыл	2 650 *						
2023 жыл	5 300 *						
6.	Электрмен жабдықтауды дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР Э М Қ Р Қаржымині	2019 - 2023 жылдар	барлығы	15 986 *	
					2019 жыл	11 492	
					2020 жыл	4 494 *	
					барлығы	2 673 *	
					2019 жыл	1 706 *	

					2020 жыл	474 *	Жергілікті бюджет	
					2021 жыл	291 *		
					2022 жыл	157 *		
					2023 жыл	45*		
7.	Сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ ҚР ЭГТРМ Қ Р Қаржымині ҚР ҰЭМ	2019 - 2023 жылдар		150	барлығы	
						789 *		
						10	2019 жыл	178 *
						49		2020 жыл
						57	2021 жыл	
						33		2022 жыл
						10	барлығы	
						4		2019 жыл
						3	2020 жыл	
						2		2021 жыл
						6	барлығы	
						3		2019 жыл
						630	2020 жыл	
						720		2021 жыл
						860	2022 жыл	
						20		барлығы

				2022 жыл	10 000 *	МЖӘ	
				2023 жыл	10 000 *		
8. Нөсерлік кәріз жүйесін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ ҚР Қаржымині	2019 - 2023 жылдар	барлығы	39 780 *	Республикалық бюджет	
				2019 жыл	12 989 *		
				2020 жыл	10 220 *		
				2021 жыл	9 571 *		
				2022 жыл	5 000 *		
				2023 жыл	2 000 *		
				барлығы	5 246 *		Жергілікті бюджет
				2019 жыл	405 *		
				2020 жыл	853 *		
				2021 жыл	2 233 *		
2022 жыл	1 695 *						
2023 жыл	60*						
барлығы	10 295 *	Республикалық бюджет					
2019 жыл	2 059 *						
2020 жыл	2 059 *						

9.	Бюджеттік тұрғын үй құрылысы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ Қ Р Қаржымині ҚР ҰЭМ	2019 - 2023 жылдар	2021 жыл	2 059 *	Бағалы қағаздар шығару есебінен						
					2022 жыл	2 059 *							
					2023 жыл	2 059 *							
					барлығы	72 351 *							
					2019 жыл	13 535 *							
					2020 жыл	10 496 *							
					2021 жыл	22 500 *							
					2022 жыл	19 800 *							
					2023 жыл	6 020 *							
					барлығы	22 257 *							
					2019 жыл	11 825 *		Жергілікті бюджет					
					2020 жыл	5 793 *							
					2021 жыл	2 795 *							
					2022 жыл	900 *							
					2023 жыл	944 *							
											барлығы	30 166 *	
											2019 жыл	4 012 *	

10	Тұрғын үйге және тұрғын үй құрылысына инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ ҚР ЭМ Қ Р Қаржымині	2019 - 2023 жылдар	2020 жыл	12 734 *	Республикалық бюджет
					2021 жыл	10 830 *	
					2022 жыл	2 590 *	
					барлығы	5 585 *	Жергілікті бюджет
					2019 жыл	4 911 *	
					2020 жыл	380 *	
					2021 жыл	234 *	
					2022 жыл	60*	
11	Мектептер және мектептерге жапсаржайлар құрылысы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР БҒМ ҚР Қаржымині ҚР ҰЭМ	2019 - 2023 жылдар	барлығы	15 734	Республикалық бюджет
					2019 жыл	15 734	
					барлығы	70 118 *	М Ж Ә / Республикалық бюджет
					2019 жыл	10 329 *	
					2020 жыл	26 271 *	
					2021 жыл	28 685 *	
					2022 жыл	4 833 *	
					барлығы	6 778 *	Жергілікті бюджет
2019 жыл	3 230 *						
2020 жыл	1 738 *						

				2021 жыл	1 660 *	
				2022 жыл	150 *	
12	Кәсіптік-техникалық мектеп құрылысы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2019 - 2020 жылдар	2019 жыл	344 * Жергілікті бюджет
					барлығы	29 447 *
					2019 жыл	3 399 *
					2020 жыл	4 673 * Жергілікті бюджет, МЖӘ
					2021 жыл	5 414 * шенберінде инвесторлардың қаражаты
					2022 жыл	11 461 *
					2023 жыл	4 500 *
13	Балабақшалар құрылысы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ҰЭМ	2019 - 2023 жылдар	барлығы	6 059 *
					2019 жыл	1 211 *
					2020 жыл	1 212 * МЖӘ
					2021 жыл	1 212 *
					2022 жыл	1 212 *
					2023 жыл	1 212 *
					барлығы	1 299 *
					2020 жыл	467 *

14	Мәдениет объектілерін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 - 2023 жылдар	2021 жыл	468 *	Жергілікті бюджет
					2022 жыл	182 *	
					2023 жыл	182 *	
15	Денсаулық сақтау объектілері	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі,	2019 - 2023 жылдар	барлығы	30 400 *	М Ж Ә / Республикалық бюджет
					2020 жыл	6 283 *	
					2021 жыл	14 152 *	
					2022 жыл	9 965 *	
					барлығы	23 444 *	
					2019 жыл	1 701 *	
			Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ДСМ, Қ Р Қаржымині ҚР ҰЭМ	2019 - 2023 жылдар	2020 жыл	5 362 *	Жергілікті бюджет
					2021 жыл	5 438 *	
					2022 жыл	5 976 *	
					2023 жыл	4 967 *	
					барлығы	20 669 *	
					2020 жыл	1 957 *	
					2021 жыл	11 602 *	МЖӘ
					2022 жыл	3 555 *	

					2023 жыл	3 555 *	
16	Медицина және білім беру қызметкерлері үшін жатақханалар салу	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2019 - 2023 жылдар	барлығы	26 330 *	Жергілікті бюджет
					2019 жыл	2 330 *	
					2020 жыл	10 360 *	
					2021 жыл	4 640 *	
					2022 жыл	3 000 *	
					2023 жыл	6 000 *	
					барлығы	21 853 *	
2019 жыл	9 961 *						
2020 жыл	3 858 *						
2021 жыл	5 577 *						
2022 жыл	2 457 *						
барлығы	41 208 *	Жергілікті бюджет					
2019 жыл	12 604 *						
2020 жыл	9 808 *						
2021 жыл	5 283 *						
17	Нұр-Сұлтан қаласын абаттандыруды дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ ҚР ЭМ Қ Р Қаржымині	2019 - 2023 жылдар	барлығы	12 604 *	Жергілікті бюджет
					2019 жыл	9 808 *	
					2020 жыл	5 283 *	
					2021 жыл		
					2022 жыл		
					2023 жыл		
					барлығы		

				2022 жыл	7 453 *	
				2023 жыл	6 060 *	
18	Велосипед және жол-соқпақ жол желісін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2019 - 2023 жылдар	барлығы 40 581 * 2019 жыл 3 461 * 2020 жыл 5 432 * 2021 жыл 7 988 * 2022 жыл 13 200 * 2023 жыл 10 500 *	Жергілікті бюджет
19	Жаяу жүргіншілер аймақтарын дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2019 - 2023 жылдар	барлығы 8 435 * 2019 жыл 4 025 * 2020 жыл 4 410 *	Жергілікті бюджет
20	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2019 - 2020 жылдар	барлығы 2 536 * 2019 жыл 2 536 *	Жергілікті бюджет
21	Мемлекеттік органдарды және ішкі істер объектілерін дамыту	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2019 - 2020 жылдар	барлығы 1 519 * 2019 жыл 1 519 *	Жергілікті бюджет
				барлығы	3 448 *	

22	Өрт сөндіру деполарының құрылысы	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2019 - 2021 жылдар	2019 жыл	1 537 *	Жергілікті бюджет
					2020 жыл	1 911 *	
23	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым, көппәтерлі тұрғын үй кешендерін және әлеуметтік объектілер құрылысына жер учаскелерін алып қою	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2019 - 2021 жылдар	барлығы	14 689 *	Жергілікті бюджет
					2019 жыл	13 573 *	
					2020 жыл	1 116 *	

Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Нұр-Сұлтан қаласының жинақы құрылысы жөніндегі 2019-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарды іске асыруға арналған болжамды шығыстардың көздері

Р/с №	Болжамды шығыстардың көзі (млн. теңге)	Барлығы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1.	Республикалық бюджет	825 470	162 963	198 246	194 754	151 957	117 550
2.	Республикалық бюджеттен берілетін кредиттік қаражат	20 685	11 471	6 404	2 810	-	-
3.	МЖӨ / Республикалық бюджет	100 518	10 329	32 554	42 837	14 798	-
4.	Жергілікті бюджет	390 309	95 400	93 080	67 959	73 803	60 067
5.	Бағалы қағаздар шығару есебінен	72 351	13 535	10 496	22 500	19 800	6 020
6.	МЖӨ	64 128	1 211	3 169	12 814	23 467	23 467
7.	Жиыны:	1 473 461	294 909	343 949	343 674	283 825	207 104

Ескерту*: жыл сайынғы қаржыландыру көлемі және (немесе) көздері тиісті растау құжаттамасы енгізілген кезде елдің экономикалық даму қарқынына, мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндігіне негізделі отырып, тиісті қаржылық жылдарға мемлекеттік бюджетті қалыптастыру кезінде айқындалатын болады

Ескерту:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚР ҰЭМ – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

ҚР ИИДМ – Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі

ЭГТРМ – Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі

ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

ҚР ЭМ – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі

ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

ҚР Қаржымині – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
 МЖӘ – мемлекеттік-жекешелік әріптестік
 ЖӨӨ – жалпы өңірлік өнім
 ЖЭО – жылу электр орталығы

Инженерлік-көлік
 инфрақұрылымын қамтамасыз
 ете отырып, Нұр-Сұлтан
 қаласының жинақы құрылысы
 жөніндегі 2019 - 2023 жылдарға
 арналған кешенді жоспарға
 қосымша

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын алаптарын дамыту

Ескерту Қаулы бөліммен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1052 қаулысымен.

Р/с №	Іс-шараның атауы	Аяқтау нысаны	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі	Болжамды шығыстар (млн. теңге)	Қаржыландыру көзі
	2	3	4	5	6	7
1	"Байқоңыр" ауданы					
1.1.	"Өндіріс" тұрғын алабы					
					барлығы	4 900
					2021 жыл	1 450
					2022 жыл	3 450
1.1.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИ ДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	5 397
					2020 жыл	792
					2021 жыл	1 660
					2022 жыл	2 945
					барлығы	1 800
					2020 жыл	800
					2021 жыл	1 000
1.1.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ДСМ, ҚР МСМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	4 054
					2020 жыл	144

					2021 жыл	1060	жергілікті бюджет					
					2022 жыл	2850						
1.1.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы	618	жергілікті бюджет					
					2020 жыл	618						
1.2. "Кирпичный" тұрғын алабы												
1.2.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	600	республикалық бюджет					
					2020 жыл	300						
					2021 жыл	300						
					1.2.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	441	жергілікті бюджет
										2020 жыл	391	
										2021 жыл	25	
2022 жыл	25											
1.2.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 – 2022 жылдар	барлығы	1300	жергілікті бюджет					
					2020 жыл	40						
					2021 жыл	630						
					2022 жыл	630						
1.2.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 – 2021 жылдар	барлығы	575	жергілікті бюджет					
					2020 жыл	35						
					2021 жыл	540						
1.3. "Қазқалашық" тұрғын алабы												
1.3.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	500	республикалық бюджет					
					2021 жыл	500						
					1.3.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	262	жергілікті бюджет
										2020 жыл	20	
										2021 жыл	15	
					2022 жыл	227						
					барлығы	35						

1.3.2	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	2020 жыл	35	жергілікті бюджет					
2	"Сарыарқа" ауданы											
2.1.	"Көктал-1" тұрғын алабы											
2.1.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ЭМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	6 020	республикалық бюджет					
					2020 жыл	1 710						
					2021 жыл	2 710						
					2022 жыл	1 600						
					барлығы	1 880	жергілікті бюджет					
					2020 жыл	370						
					2021 жыл	585						
					2022 жыл	925						
					2.1.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы	607	жергілікті бюджет
					2.1.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	4 904	республикалық бюджет
2020 жыл	2 700											
2021 жыл	261											
2022 жыл	1 943											
барлығы	1 858	жергілікті бюджет										
2020 жыл	1 792											
2021 жыл	8											
2022 жыл	58											
2.2.	"Көктал-2" тұрғын алабы											
										барлығы	8 370	
					2020 жыл	2 485						

2.3.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 – 2021 жылдар	барлығы 3165 2020 жыл 796 2021 жыл 2369	жергілікті бюджет
2.3.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы 1500 2021 жыл 500 2022 жыл 1000	республикалық бюджет
					барлығы 1277 2020 жыл 852 2021 жыл 311 2022 жыл 115	жергілікті бюджет
3	"Алматы" ауданы					
3.1	"Железнодорожный" тұрғын алабы					
3.1.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы 2700 2021 жыл 1350 2022 жыл 1350	республикалық бюджет
					барлығы 4351 2020 жыл 51 2021 жыл 150 2022 жыл 150	жергілікті бюджет
3.1.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне аппарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР МСМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2021 жылдар	барлығы 1800 2020 жыл 800 2021 жыл 1000	республикалық бюджет
					барлығы 54 2020 жыл 24 2021 жыл 30	жергілікті бюджет
					барлығы 40	

3.1.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 жыл	2020 жыл	40	республикалық бюджет
					барлығы	4	жергілікті бюджет
					2020 жыл	4	
3.2. "Промышленный" тұрғын алабы							
3.2.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	1 860	республикалық бюджет
					2021 жыл	930	
					2022 жыл	930	
					барлығы	675	жергілікті бюджет
					2020 жыл	403	
					2021 жыл	103	
3.2.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ДСМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	295	МЖӘ
					2020 жыл	98	
					2021 жыл	98	
					2022 жыл	98	
3.2.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2021 жылдар	барлығы	68	республикалық бюджет
					2020 жыл	68	
					барлығы	417	жергілікті бюджет
					2020 жыл	246	
2021 жыл	171						
3.3. "Интернациональный" тұрғын алабы							
3.3.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 – 2021 жылдар	барлығы	12	жергілікті бюджет
					2020 жыл	4	
					2021 жыл	8	
3.3.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 – 2022 жылдар	барлығы	1819	жергілікті бюджет
					2020 жыл	28	
					2021 жыл	323	

					2022 жыл	1468	
3.3.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы 2020 жыл	5 5	жергілікті бюджет
3.4.	"Мичурин" тұрғын алабы						
3.4.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы 2020 жыл	8 8	жергілікті бюджет
3.4.2	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы 2020 жыл	1 1	жергілікті бюджет
3.5.	"Күйгенжар" тұрғын алабы						
3.5.1	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы 2020 жыл	1 1	жергілікті бюджет
3.6.	"Оңтүстік-Шығыс" тұрғын алабы						
3.6.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі ҚР ИИДМ ҚР ҰЭМ ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы 2021 жыл 2022 жыл	6 650 3 650 3 000	республикалық бюджет
3.6.2	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы 2020 жыл 2021 жыл 2022 жыл	3 200 1 600 1 600	республикалық бюджет
					барлығы 2020 жыл 2021 жыл 2022 жыл	114 20 50 44	жергілікті бюджет

4	"Есіл" ауданы											
4.1.	"Үркер" тұрғын алабы											
4.1.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	19 753	республикалық бюджет					
					2020 жыл	7 570						
					2021 жыл	8 713						
					2022 жыл	3 290						
										барлығы	721	жергілікті бюджет
									2020 жыл	315		
									2021 жыл	296		
									2022 жыл	110		
4.1.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР МСМ, ҚР ІІМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	барлығы	2 336	республикалық бюджет					
					2020 жыл	1 179						
					2021 жыл	699						
					2022 жыл	458						
										барлығы	3 296	жергілікті бюджет
									2020 жыл	114		
									2021 жыл	2 344		
									2022 жыл	838		
4.1.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 – 2021 жылдар	барлығы	1 821	жергілікті бюджет					
					2020 жыл	1 251						
					2021 жыл	570						
4.2.	"Пригородный" тұрғын алабы											
					барлығы	3 251	республикалық бюджет					
					2020 жыл	51						
					2021 жыл	1 400						

4.2.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2022 жылдар	2022 жыл	1800	жергілікті бюджет
					барлығы	315	
					2020 жыл	205	
					2021 жыл	50	
4.2.2	Әлеуметтік объектілер	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2021 жылдар	2022 жыл	1288	республикалық бюджет
					барлығы	625	
					2020 жыл	663	
					2021 жыл	40	
4.2.3	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы	19	жергілікті бюджет
					2020 жыл	19	
4.3. "Заречный" тұрғын алабы							
4.3.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы	47	жергілікті бюджет
					2020 жыл	47	
4.3.2	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы	21	жергілікті бюджет
					2020 жыл	21	
4.5. "Тельман" тұрғын алабы							
4.5.1	Жол және инженерлік инфрақұрылым	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі, ҚР ИИДМ, ҚР ҰЭМ, ҚР Қаржымині	2020 – 2021 жылдар	барлығы	2611	республикалық бюджет
					2020 жыл	1311	
					2021 жыл	1300	
					барлығы	149	
					2020 жыл	69	
					2021 жыл	80	
4.5.2	Абаттандыру	Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат	Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі	2020 жыл	барлығы	19	жергілікті бюджет
					2020 жыл	19	

Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын алаптарын дамытудың 2020 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға арналған болжамды шығыстардың көздері

Р/с №	Болжамды шығыстардың көзі (млн. теңге)	Барлығы	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
1.	Республикалық бюджет	80 621	20 339	35 011	25 271
2.	Жергілікті бюджет	46 123	11 482	16 546	18 095
3.	МЖӘ	393	197	98	98
4.	Жиыны:	127 137	32 018	51 655	43 464

Инженерлік-көлік инфрақұрылымын қамтамасыз ете отырып, Нұр-Сұлтан қаласының 2019 – 2023 жылдарға арналған жинақы құрылысы жөніндегі кешенді жоспарды іске асыруға және Нұр-Сұлтан қаласының тұрғын алаптарын дамытудың 2020 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асыруға арналған болжамды ортақ шығыстардың көздері

Р/с №	Болжамды шығыстардың көздері (млн. теңге)	Барлығы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл
1.	Республикалық бюджет	906 091	162 963	218 585	229 765	177 228	117 550
2.	Республикалық бюджеттен берілетін кредиттік қаражат	20 685	11 471	6 404	2 810	-	-
3.	МЖӘ / Республикалық бюджет	100 518	10 329	32 554	42 837	14 798	-
4.	Жергілікті бюджет	436 432	95 400	104 562	84 505	91 898	60 067
5.	Бағалы қағаздар шығару есебінен	72 351	13 535	10 496	22 500	19 800	6 020
6.	МЖӘ	64 521	1 211	3 366	12 912	23 565	23 467
7.	Жиыны:	1 600 598	294 909	375 967	395 329	327 289	207 104